

"Modern Trading Solutions"
тауар биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 23 мамырдағы
хаттамасымен бекітілді.



**«Modern Trading Solutions» Тауар биржасы» АҚ мүшесінің бірегей биржалық кодын
тағайындау тәртібі**

Алматы қ.

Мүшенің бірегей биржалық кодын берудің осы тәртібі "Modern Trading Solutions "Тауар биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелеріне қысқартылған белгілерді (бірегей биржалық кодтарды) беру процесін бекітеді.

Қысқартылған белгілер (бірегей биржалық код) Биржа мүшесін сәйкестендіру мақсатында, сондай-ақ биржа тарататын ақпараттың мөлшерін оңтайландыру мақсатында ақпараттық қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылады.

1. Биржа мүшесінің бірегей коды

1. Биржа мүшесінің бірегей биржалық коды (бұдан әрі - Код) төрт таңбадан тұрады (үлкен әріптермен жазылған латын әріптері): **«ABCD»**.

2. Биржа мүшесінің атауы бір сөзден тұрса, Код келесі тәртіппен тағайындалады:

- **«ABCD»** – биржа мүшесінің атауының алғашқы төрт әрпі;

Кодтың бұрыннан бар Кодпен сәйкес келген жағдайда, соңғы **«D»** әрпі сөздің соңғы әрпімен алмастырылады.

3. Биржа мүшесінің атауы бірнеше сөзден тұрса, Код келесі тәртіппен тағайындалады:

- **«ABC»** – биржа мүшесінің атауының алғашқы үш әрпі;
- **«D»** – биржа мүшесінің атауының екінші сөзінің алғашқы әрпі.

Кодтың бұрыннан бар Кодпен сәйкес келген жағдайда, соңғы **«D»** әрпі соңғы сөздің соңғы әрпімен алмастырылады.

2. Биржа мүшесінің бірегей кодты пайдалануы

1. Тағайындалған Код Биржаның сауда жүйелерінде биржа мүшесінің жеке Логині ретінде пайдаланылады.

2. Биржа мүшесі Кодты Биржаның ресми сайтында хабарландырулар орналастырған кезде көрсетуге құқылы.